




Отын

Күні: 10.11.2016 ж.

Тақырыбы:

**Елдің отын – энергетика
кешеніне сипаттама.**

Мұнай- газ өнеркәсіптері





Сабақтың мақсаты:

Оқушыларға отын-энергетика кешені, кешеннің ерекшелігі мен маңызы, мұнай-газ өнеркәсібі және электр энергетикасы туралы мағлұмат беру. Оқушыларды Отансүйгіштікке, табиғат ресурстарын тиімді пайдалана білуге, табиғатты аялауға, сақтай тәрбиелеу.

Энергия алуға болатын табиғат ресурстары энергетикалық ресурстар деп аталады.

Отын-энергетика кешені

Отын
өнеркәсібі

Мұнай

Газ

Көмір

Электр
энергиясы

ЖЭС

СЭС

АЭС

Тасымалдау
Мұнай-

газ

құбырла
ры,

Электр
желілер

МАҚСАТ: ӨНДІРУ ӨНДЕУ
→ →
ТҰТЫНУШЫҒА ЖЕТКІЗУ



Мұнай → Нефть → Oil

Қазақстанда мұнай революцияға дейін, яғни 1899 жылдан бастап Ембіде (Қарашұңғыл) өндіріле бастады. 1911 жылдан Доссор, 1915 жылдан бастап Мақат кен орындары мұнайды тұрақты өндіруде. 1984 жылы Қызылорда және Қарағанды облыстарының шекаралас жерінде Кұмкөл мұнай кені ашылды. Қазақстанда 70-ке жуық мұнай өндіру компаниясы бар. Соның ішінде 7 компания жетекші орын алады, олар қазақстандық мұнайдың 86%-ын өндіреді. Солардың арасында «Теңізшевройл» ЖШС көшбасшы, мұндағы Қазақстанның үлесі 20%-ды құрайды.

Қазақстандағы минералдық отынның қоры


Минералдық отын	Қоры	Әлемдегі орны	Әлемдегі қордағы үлесі, %
Мұнай	7 млрд. тн	8	3,2
Табиғи газ	6 трлн м3	14	1,7

Мұнайды еш уақытта шикі күйінде пайдаланылмайды. Оны өңдеп 300 түрлі өнім алады. Өндеген кезде түрлі отын, яғни бензин, дизель майы, керосин және химиялық өнімдер алынады. Мұнайды өңдеу барысында түзілетін мазут электростансыларында, металлургия пештерінде отын ретінде қолданылса, оның соңғы қалдығы гудрон жол құрылысында пайдаланылады. Ал мұнайды өңдеу барысында пайда болған газ қалдықтары химиялық шикізат болып табылады. Оны өңдеу арқылы синтетикалық талшық, каучук, спирт, пластмасса, т.б. өнімдер алынады.




Өндіріс динамикасы

Мұнай өндіру



Газ өндіру



МУНАЙ ӨНДЕУ ЗАУЫТТАРЫ



АТЫРАУ



ПАВЛОДАР



ШЫМКЕНТ



Газ → Gas

Газ өнеркәсібі – Қазақстан отын-энергетика кешенінің ең жас саласы.

Газ – толық жанатын, ауаны ластамайтын, құбыр жолымен тасымалданатын отын түрі. Қазақстанда газ мұнаймен бірге және табиғи түрде жеке кездеседі.

Газдың барлық қорының 98 % -ы Батыс Қазақстан экономикалық ауданында шоғырланған. ТМД бойынша 4 орынға ие.

Мұнайдың қосалқы газы Атырау-Ембі алабында мол. Маңғыстау түбегіндегі Теңге, Үстірт кен орындары табиғи газға бай. 1980 ж-дан бастап Батыс Қазақстан облысының солтүстігінде Қарашығанақ газ конденсаты игерілуде.



**Қазір Қазақстанда 4 газ
өңдеу зауыты істейді**

Олар:

Қазақ газ өңдеу зауыты

Теңіз газ өңдеу зауыты

Жаңажол газ өңдеу зауыты

Қарашығанақ өңдеу кешені.

1 – топ. Мұнай кен орындарын кескін картаға түсіру

2-топ. Газ кен орындарын кескін картаға түсіру , газ өнеркәсібіндегі шетелдік компанияларды анықтау

3-топ. Мұнай-газ тасымалданатын құбырлар желісін кескін картаға түсіру

- 1. Мұнайдан синтетикалық талшық , каучук , спирт, пластмасса алынады**
- 2. Қазақстанда 4 мұнай өңдеу зауыты бар**
- 3. Мұнай-толық қалдықсыз жанатын, ауаны ластамайтын, құбыр арқылы тасымалданады**
- 4. Газдың барлық қорының 98 % -ы Батыс Қазақстан экономикалық ауданында шоғырланған**
- 5. Маңғыстау облысында Теңге және Үстірт кен орындарында көп мөлшерде мұнай өндіріледі**
- 6. Отын – энергетика кешенінің шаруашылықта , экономикада маңызы қандай?**
- 7. Газды еліміздің батыс аудандарынан оңтүстік және шығыс аудандарына қалай жеткізуге болады?**



	Құмкөл	6 трлн м3	Қарашыған ақ	гудро н	ТМД бойынш а 4 орынға ие	1911 жыл игерілді
Мұнай						
Газ						

	Құмкөл	6 трлн м3	Қарашыған ақ	гудро н	ТМД бойынш а 4 орынға ие	1911 жыл игерілді
Мұнай	+			+	+	+
Газ		+	+			



Үйге тапсырма:

§ 16.Отын- энергетика кешені өнеркәсібі

**Кескін картаға Қазақстанның отын-
энергетикалық кешенін түсіру.**

(Даму жолына жобалау жасау)

Кейінгі оқу : Көмір өнеркәсібі



Отынның түрлері	Кен орындары	Қоры	Игерілген жылдары	Орналасқан жері
Мұнай				

Отынның түрлері	Кен орындары	Қоры	Игерілген жылдары	Орналасқан жері
Газ				